



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

СССР «О признании незаконными и преступными репрессивных актов против народов, подвергшихся насильственному переселению, и обеспечении их прав» от 14 ноября 1989 г., Указа Президента СССР от 13 августа 1990 г. «О восстановлении прав всех жертв политических репрессий 20-50-х годов». В последнем, в частности, говорилось: «Признать незаконными, противоречащими основным гражданским и социально-экономическим правам человека репрессии, проводившиеся в отношении крестьян в период коллективизации, а также в отношении всех других граждан по политическим, социальным, национальным, религиозным и иным мотивам в 20-50-х годах, и полностью восстановить права этих граждан». [1, С.244] 14 апреля 1993 г. был принят Закон Республики Казахстан «О реабилитации жертв массовых политических репрессий», который также восстановил справедливость в отношении всех репрессированных, волею судьбы попавших в Казахстан, в том числе в отношении поляков. Шотбакова Л.К.

Список использованной литературы:

1. Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов Караганда. – 2007. – С.35
2. Так это было. Национальные репрессии в СССР. 1919-1952 гг. Репрессированные народы сегодня. В 3-х томах. Т.1. Составитель С.Алиева. М.–1993.–С.44; Иосиф Сталин – Лаврентию Берия: их надо депортировать. Документы, факты, комментарии. М.- 1992. – С.4-5.
3. Земсков В.Н. Спецпереселенцы (по документам НКВД-МВД СССР). // Социологические исследования. 1990. - №116. – С.5.
4. Иосиф Сталин – Лаврентию Берия: их надо депортировать. Документы, факты, комментарии. М.- 1992. – С.30-31.
5. Абдрахманова Г.С. Национальный аспект функционирования Карлага.// Политические репрессии XX века. Материалы областной научно-практической конференции. Караганда. – 2007. – С.162.

УДК 94

«САРЫАРҚА» ГАЗЕТІНДЕГІ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕРІ

Азатова А. Ж

777asel@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1курс магистранты, Астана қ.

Научный руководитель –д.и.н. Садвокасова З. Т.

Жазба деректердің үлкен бір тобын мерзімді басылымдар құрайды. Газет не журнал белгілі бір мерзімділікпен өткенді өз бетінше бейнелейді. Сондықтан олар қоғам өмірінің өткені жазылған өзіндік күнделік міндетін атқарады. Демек, уақытылы шығып тұрған газеттер өткеннің белгілі бір кезеңдегі үздіксіз даму тарихын қалпына келтіруге көмектесе алады.

Кезінде “ұлт қамын ойлап, шарқ ұрған “Сарыарқа” газеті әліде болса толық зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Бодан елдің санасына тәуелсіздік рухын сіңіріп, жұртты оятқан “Қазақ” газетімен үндес, бағыттас бұл басылым 1917-1918 жылдары Семей қаласында қазақ тілінде аптасында бір рет шығып тұрды. Редакторлары Райымжан Мәрсеков пен Халел Ғаббасов, бастырушысы - «Теңдік» серіктігі.

Газетте патша үкіметінің отаршыл саясатының қазақ еліне тигізген зияны, Алаш партиясының бағдарламасы, қазақ жеріне қоныс аударған орыс шаруалары мен қарым – қатынасы, оқу – ағарту ісі туралы Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Р.Мәрсеков, Халел Ғаббасов, Ә. Ермаковтың т.б. мақалалары жарияланған.

Әрбір жаңалықтың ескіден туатынын еске ұстасақ, «Сарыарқа» газетінде жарық көрген

нұсқалардың да қазіргі тарихымыздың, әдебиетіміздің, мәдениетімізді зерттеуде құнды дерек екені даусыз [1, 120 б.].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ тілінде шығып тұрған газет-журналдар туралы қазақ баспасөзінің зерттеушісі, профессор Х. Бекхожиннің көп жылдық зерттеу еңбектері және екінші бір ғалым Ү. Сұбханбердина құрастырған «Қазақтың революцияға дейінгі мерзімді баспасөзінің материалдары» атты екі кітаптан тұратын библиографиялық еңбегі (1961, 1963 жылдар), «Қазақ. Сарыарқа. Алаш» (А., 1993) тарихшының бұл баспасөз басылымын дерек көзі ретінде пайдалануға кең мүмкіндік береді.

Газет 1917-1918 жылдары жариялаған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1917 жылғы «Мұқтаж оқушыларға жәрдем» мақаласында: «Алаштағы мұғалімдік курсқа болыс басы бір шәкіртті қаражатын көтеріп, оқуға жібермекке сентябрдегі обласной сиез қаулы жасаған еді. Павлодар оязы 5-6 болыстан ғана шәкірт келді, басқаларынан әлі жоқ. Биылғы қымбаттышылық шәкірттерге ауыр тиді, мұқтаждарды көбейтті. Сондықтан оқытушылар ұйымы шәкірттері келген болыстарға хат жазып, ақша сұрады, һәм өз беттерімен жәрдем жия бастады. Барлығы 190 сом.» [2] мен «Мұқтаж шәкірттер» мақаласында Уфа қаласында «Ғалия» медресесінде оқитын қазақ шәкірттерінің тұрмыс-халі, мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады [3]. «Шәкірттерге стипендия» мақаласында Ақмола облысында оқушыларға стипендия тағайындалғаны, оны пайдалану тәртібі хабарланған [4].

Оқу ағарту жайын қарастырғанда «Сарыарқа» газетінде жарияланған мақалалар негізінде мұғалімдік курстар туралы кең танысуға болады. Мәселен, 1917 жылы жарияланған мақалаларда Петропалда мұғалімдер даярлайтын курс ашылғаны хабарланған, ер балалар мен қыз балаларды оқытатын гимназияның адресі берілген [5]. Құлақтандыру айдарынан Алаш дуанында мұғалімдер курсы, үлкендер мектебі ашылғанын білуге болады [6]. Ал 1918 жылы жарияланған «Мұғалімдік курстар туралы» мақаласында Семейдегі мұғалімдік курсының мерзімі, міндеттері, оқыталатын сабақтары: Ұлт тілі, жалпы тарих, жағырапия, жаратылыс, оқыту әдісі, есеп, денсаулық-тәрбие, мемлекет құрылысы, орыс тілі және бұл сабақтарда қандай тақырыптар қамтылу тиіс екендігі жазылады [7]. Келесі мақалада мұғалімдік курстың Семей облысы үшін ғана ашылғаны, Оқу мерзімі июнь-сентябрь аралығы, 100 шәкірттік, курсқа қатысу шарттары, курста оқытатын дәрістермен таныса аламыз. Соған қоса қыздар курстарының ашылғаны, оған 20 адам қатыса алатыны және кім қатыса алатыны жайлы хабардар етіледі [8].

XX ғасырдың басында мектептерді бірсыпыра кәсібилендіру байқалды. Мәселен, Торғай және Қарабұтақ екі сыныпты орыс-қазақ училищелерінде етікшілік және тігіншілік істері үйретіле бастады. Оқытудың бұл түрі бойынша бағдарлама өте қарапайым болды, мәселен, олардың бірінде былай деп жазылған: «Етікшілік құрал-саймандарымен және оларды түрлі жұмыстар кезінде пайдаланумен таныстыру. Етікшілік материалдарының атауы – олар қашан және қайда қолданылды. Етіктің табаны, өкшесі, ұлтанын дайындау және тігумен таныстыру» [9].

Мұғалімдік курстардың өткізілуге мұғалімдердің жетіспеушілігі сезіледі. «Көкшетаудың уезный советі «Сарыарқа» басқармасынан Көкшетау қаласында екі айлық мұғалім курсын өткізу үшін мұғалім керектігін тауып беруіңізге өтінеді» [10].

Өткізілген мұғалімдік курстар сыңалғанын да жасыруға болмайды. Мәселен Павлодардағы екі айлық мұғалімдер курсының оқыту жұмысы сыңалған [11].

Сонымен бірге сиезде мұғалімдік курстардың ашылу туралы қаулы қабылдағанымен, оны жүзеге асыру қиыншылықтарға ұшырағанын Жәкып Сыдықтың «Ұзақ үміт» мақаласынан көруге болады: «Көкшетауда өткен августе болған молла-мұғалімдер сиезінде курс ашпаққа қаулы қылынып еді. Одан бері неше ай өтті, курс әлі ашылған жоқ» [12].

Революцияға дейін Қазақстанда мұсылман мектептері мен медреселерде, не «орыс-қазақ», «бұратаналық», ауылдық мектептерде оқып, бастауыш білім алуға болатын еді. Бұл мектептер мен медреселердің басты мақсаты діни білім беру болғанымен, олардың оқу

бағдарламаларында зайырлы пәндердің де елеулі орын алғанын атап өткен жөн. «Бастауыш мектептегі оқу программасы» мақаласында 5 жылдық бастауыш мектептің программасы V бөлімде беріліп, Ана тілі, есеп, дін сабақтары, орыс тілі, Ұлт тарихы, жағырапия, жаратылыс, ән-күй, дене тәрбиесі, қол істері сияқты пәндер тізімделеді. Сонымен бірге бастауыш мектепте сабақ арнаулы қазақ тілінде оқытып, орыс тілі төртінші бөлімнен бастап, кірме тіл есебінде оқытылды [13].

Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды, олардың бұзылуын отаршылдық әкімшілік үнемі қудалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны барған сайын арта түсті. Оны «Медресе ашылу», «Көкпектідегі мектеп-медресе салу, бала оқыту жұмыстары туралы» [14], «Зайсан. Ішкі хабарлар» мақалаларынан медреселердің ашылуынан көруге болады. Мәселен Зайсандағы медресе «Игілік» қоғамының жинаған қаржысы есебінде ашылды және сол медреседе 60 бала оқытылса [15], Ақкелін елінде ноябрь басында ашылған «Сұлтания» медресесінде 140 бала оқыды [16].

Оқу-ағартуда ұйымдардың атқарған қызметі ерекше болды. Оқу бағдарламасын жасау, мұғалімдік курстар ұйымдастыру, оларды өткізу, қаржылық көмек көрсету, әдістемелік құралдар шығару, қыржы жинау қызметінен көрінеді. 7-11октябрьде Баянауыл алабындағы 10 болыс елдің өкілдері сиезінің қаулылары «3жылдық бастауыш мектептер жасалсын. Биыл бір мектеп ашылсын. Барша мектептерді басқарып, мұғалімдерді сынап қою, оқу программаларын жасау үшін «Ғылым» ұйымы атынан Баянауылда оқу комиссиясы ашылсын» шығарылған [17].

Қызылжарда шет жерде оқитын жастарға көмек беру жөніндегі қазақ жастарының «Талап» ұйымы маңызды рөл атқарған [18].

Оқытушылар ұйымы да мектепте оқу үрдісін ұйымдастыру жұмыстарын атқарған. Олар жасаған ережелер: бірінші ноябрьге дейін мектепке кірмеген шәкірт қабыл қылынбайды. Үш күш себепсіз мектепке келмей қойған бала шығарылады [19].

Сонымен бірге ел қамын ойлайтын азаматтар қалыс қалмаған. Оқу-ағарту мәселесін көтеріп, мектеп-медресе жұмысына көмектесуін сұраған. «Павлодарда болатын молда-мұғалімдер съезі» мен «Жаңа ашылған қауымдар» мақалаларынан көруге болады [20].

Патша үкіметі қазақ халқы арасында оқу-ағарту ісін бастауыш білім берумен, яғни орыс тілін және арифметиканын жай амалдарын үйретумен шектеу жеткілікті деп санады, ал орта білім беруге, оның үстіне жоғарғы білім беруге ол мүдделі болмады.

Патша үкіметі қазақ халқы арасынан сенімді тірек жасауға, әкімшілік аппарат үшін, сондай-ақ орыстандыру рухында ағартушылық қызмет атқаратын сенімді кадрлар даярлауға ұмтылды. Оқу бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мүдделерін негізге алмай, отаршыл әкімшіліктің қажеттері мен талап тілектеріне бейімделді. Өлкедегі оқу ағарту ісін ұйымдатушы ресми органдар бірінші кезекте бүкіл мұсылманша білім беру ісін бірыңғай оқу жоспарына келтіру және түгелімен бір ізге түсіру, бұл орайда зайыршылық пәндерге көңіл бөлу қажет деп санады. Сонымен бірге оқу округтері мен Оқу-ағарту министрлігі инспекторлардың назарын оқытудың ерекше әдістерін енгізуге аударды, оның енгізілуі де мұсылман халқын белгілі бір дәрежеде үкіметтің саясатын қолдау жағына тартуға тиіс болды. Мұсылман мектебін қажетті саяси арнаға салып, бірте-бірте соған бағындыру өте жиі ұсынылды [21].

Қорытындылай келе, «Сарыарқа» газеті 1917-1918 жылдары оқу ағартуда болып жатқан өзгерістер, мұғалімдік курстардың өткізу жағдайы мен мұқтаждары, жаңа мектеп пен медреселердің ашылу жайымен танысуда маңызды дерек рөлін атқарады.

Пайдаланған әдиеттер тізімі:

1. К.Нұрпейісов. Алаш һәм Алашорда. А., 1995. 256 б.
2. Мұқтаж оқушыларға жәрдем.//Сарыарқа, 1917 жылы № 24. 12 декабрь
3. Мұқтаж шәкірттер //Сарыарқа, 1917. №25. 19 дек.
4. Шәкірттерге стипендия//Сарыарқа, 1917. №13. 14 сент.

5. Тілшілерден. Жарнама //Сарыарқа, 1917. №14. 24 сент.
6. Құлақтандыру//Сарыарқа, 1917. №24. 12 дек.
7. Мұғалімдік курстар туралы//Сарыарқа, 1918. №28. 22 январь.
8. Жазғы мұғалім-мұғалима курстары ашылды//Сарыарқа, 1918. №40. 25 апрель.
9. Қазақ оқытушылар ұйымы //Сарыарқа, 1917 жылы № 24. 12 декабрь
10. Курсқа мұғалім керек//Сарыарқа, 1918. №40. 25 апрель.
11. Сүйіндік баласы. Керекудегі мұғалімдік курсы туралы // Сарыарқа, 1917. №15. 29 сент.
12. Ұзақ үміт //Сарыарқа, 1918. №28. 22 январь.
13. Ибраһимов Хайролла. Бастауыш мектептегі оқу программасы //Сарыарқа, 1918. №27. 2 янв.
14. Жанболова Исма. Көңілді іс//Сарыарқа, 1917. №11. 29 авг.
15. *Сәдуақас Шорманов*. Медресе ашылу//Сарыарқа, 1918. №30. 12 февраль.
16. Зайсан. Ішкі хабарлар //Сарыарқа, 1918. №28. 22 янв.
17. 7-11октябрьде Баянауыл алабындағы 10 болыс елдің өкілдері сиезінің қаулыларынан//Сарыарқа, 1917. №24. 12 дек.
18. «Талап» қауымы //Сарыарқа, 1917. №13. 14 сент.
19. Оқытушылар ұйымынан//Сарыарқа, 1917. № 26. 26 дек.
20. Жаңа ашылған қауымдар //Сарыарқа, 1917. №18. 30 окт.
21. Малдыбаев Мұстақым. Мектеп//Сарыарқа, 1917. №13. 14 сент.

ОӘЖ 340 (075.8)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН ҚҰРУДАҒЫ КЕРЕЙ МЕН ЖӘНІБЕКТІҢ РӨЛІ

Ағабек Сұлтан Әбдуәліұлы

agasultan@mail.ru

Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 3 курс
студенті

Ғылыми жетекшісі - Уалиев Манап Ерсайынұлы

Қазақ елі сан мыңдаған тарихы бар, өткені мен бүгіні тарих жазбаларында үлкен орын алатын ел. Сол елдің қалай бастама алғаны туралы мен өзімнің жұмысымда көрсетпекпін. Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан территориясында XIV- XV ғ. болып өткен әлеуметтік-экономикалық және этникалық-саяси процестердің заңды қорытындысы болды. Тарихи әдебиетте В.В.Вельяминов-Зерновтан бастап, Шығыс-Дешті Қыпшақтың көшпелі тайпаларының бір бөлігін Жошы ұрпағы Керей мен Жәнібектің басшылығымен Шу мен Талас өзендерінің жазығына көшуі Қазақ хандығы құрылуының басталуы болды деген пікір бар.

1456 жылы Керей мен Жәнібек ханның Әбілқайыр хан үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап Шығыс Дешті-Қыпшақтан батыс Жетісу жеріне қоңыс аударуы Қазақ хандығының құрылуына мұрындық болған маңызды тарихи оқиға болған еді. Бұл оқиғанның мән-жайы мынадай болатын: 1428 жылы Ақ Орданың ақырғы ханы Барақ ішкі феодалдық қырқыста қаза болған соң, Ақ Орда мемлекеті ыдырап, ұсақ феодалдық иеліктерге бөлінгенде билік үшін өзара қырқыс үдей түсті. Бұрынғы Ақ Орданың орнына Әбілқайыр құрған «Көшпелі өзбектер» мемлекеті пайда болды. Осы мемлекеттің территориясы XV ғ. орта шенінде Сырдариядан Сібір хандығына дейінгі Ұлан байтақ жерді алып жатты. Алайда бұл мемлекеттің ішіндегі билік үшін күрес бір сәтте толастаған жоқ. Әбілқайыр хан өзінің саяси дұшпандарын – Жошы әулетінен шыққан сұлтандарды қудалауын тоқтатпады. Билік үшін күрес барысында Дешті-Қыпшақтан өздерін қолдайтын жеткілікті күш таба алмаған Ұрыс ханның шөберелері-Керей мен Жәнібек XV ғ. 50 жылдары орта шенінде қарамағандағы ауылдарымен Шу өзенінің бойына көшіп кетуге мәжбүр болды.